

Лекция 1. Тақырыбы: Этика

1-Этика және мораль анықтамасы

«Этика» сөзі латын тіліндегі «ethos» деген сөзден шығып, бастапқыда «жануардың үңгірі, құстың ұясы, аңның апаны» сынды мағынада пайдалынған сөз. Бір сөзбен айтсақ, тірі жанның өзіне тиесілі өмір сүру мекені дегенді білдірген. Уақыт өте келе «бірнеше тіршілік етуші адамдар тобының орналасқан орны, мекен-жайы» дегенді де білдіретін болды. Сол сияқты «этос» ұғымы да бірте-бірте алғашқы мағынасынан алшақтап, ортақтаса өмір сүрушілердің мекен-жайын ғана емес сонымен қатар бірге өмір сүру барысында олардың бойындағы қалыптасқан мінез-құлық, іс-әрекет ұқсастықтарын білдіруші әдет-ғұрып деген мағыналарға ие болды. Сонымен бұл терминнің «шығу төркінінен» адамдардың орналасу аймағына, тіршілік салтына, өмір сүру дағдыларына байланысты әртүрлі мінез-құлық ережелері, олардың өз ортасына лайықты жүріс-тұрысы, таныс-тіршілігі қалыптасқандығын байқаған халық даналығын көреміз.

«Этика» терминін философия аясына тұнғыш енгізген әрі осы тақырыпта қаламын сілте жанған философ Аристотель еді. Аристотель «этика» деп этикалық ізгіліктерді зерттейтін ғылымды айтады. Аристотель этикалық ізгіліктер құрамына: жомарттық, батылдық, шыншылдық, ал дианоэтикалық ізгіліктерге: ақыл, парасатты жатқызады.

Мәдениет тарапынан ежелгі грек мәдениетінің көне римдіктерге тигізген ықпалынан зор екендігін білеміз. Әсіресе философия саласына келгенде ол әсерді айқын байқауға болады. Римдіктер философияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын этиканы өз тілдерінде «мораль» сөзі арқылы аударарды. Көне латын тілінде «mores» (салт-дәстүр, әдет-ғұрып) деген мағынаны білдіретін сөз. Содан римдік философтар тікелей грек философтардың жолын қуып жаңадан ұғым туындатады. Ендеше мораль терминінің латын тіліндегі этиканың синонимі деуге болады.

Бірақ біз этика ғылымының даму жолында этиканың да моральдің де бірдей қолданысқа түсіп екі түрлі мазмұндық сипаттамаға ие болғандығын көреміз. Қазірде этика деп белгілі бір теория түрін, философиялық ғылымды айтатын болсақ, мораль деп қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші қағидалар бірлестігін нақтылаймыз. Басқаша айтар болсақ мораль деп этиканы зерттеу пәнін түсінеміз.

Қай халықтың тілін алып қарасаңыз онда жоғарыда аталған ұғымдарға өзіндік балама табылады. Қазақ тіліне келер болсақ этика қазіргі таңда әдептану деп аударылса, өзбек тілінде «адаптану», түркілер тіпті жалпы араб – мұсылман мәдени аймағы «ахлақ» ұғымын қолдануда. Қазақ тіліндегі транскрипциясына байланысты кейде «ақылақ» деп те айтылуда. Ал бұл ұғым араб тілінде пайда болған ұғым.

Осындай терминологиялық анықтамалардан кейін ұғымдардың мазмұндық ара қатынасына келетін болсақ онда этиканың философиялық ілім ретінде теориялық деңгейінің биік екендігін, ал моральдың сол ілімінің пәні, зерттейтін объектісі екендігін тұжырымдаймыз.

Сонымен нақты өмірдегі адамгершілік, құлықты, сол адамгершілік, құлықты қалыптастырушы принциптер жиынтығы-моральды зерттейтін философиялық ғылымды біз «этика» деп атаймыз.

Этиканың құрылымына келетін болсақ, ол үш бөліктен тұрады:

-*Теоретикалық этика*- этиканың негізгі ұғымдарын, оның зерттеу пәнін, ғылым ретінде даму барысын зерттейді.

-*Нормативті этика*- негізгі этикалық категорияларды: мейірімділік, ізгілік, ар-ождан, ұят, абырой, парыз және т.б. қарастырады.

-*Эмпирикалық этика*- белгілі бір кезеңдердегі адамзат ұйымдарының нақты адамгершілік келбеті жайында түсінік береді.

Лекция 2. Тақырыбы: Мораль

1- Моральдің қоғам өміріндегі ролі

Мораль-адамдарды жаман қасиеттерден қорғайды. Мораль-сезімге қарсы шығады. Моральдің ең басты сипаты нәпсі тәрбиесі. Мораль мінез-құлық жиынтығы. Мінез-құлық қоғамдағы адамдармен қарым-қатынас жасауды үйретеді. Мораль-қоғамда өмір сүру қабілетін жетілдіреді. Мораль екі қасиетке ие: 1-Ерік. 2-Жалпы.

Дін адамдардың адамдығының басты күші. Діни сезімдер адамдардың басын біріктіруде маңызды орынға ие. Мысалы дін, құқық, өнер т.б. қоғамдық сананың бір формасы.

2-Жеке тұлғаның моральдық өлшемі

Мораль-дегеніміз адамның өз-өзін ұстай білуі жауапкершілігі. Плутархтың «Өмірді суреттеу» деген еңбегінде мынадай оқиға айтылған. Күрес кезінде күресші абайсызда адамды найзамен өлтіріп қояды. Сол кездегі Афинаның патшасы Перикл мен атақты философ Протагор күні бойы отырып кімнің кінәлі екендігін шеше алмаған. Жарысты ұйымдастырған адам ба? Әлде найзаны қолданған адам ба?

Бұл оқиғаға қарап сол дәуірдің өзінде жауапкершілікке көп мән бергендігін көреміз. Этика қандай проблема болса да кім кінәлі? немесе кім жауапты? деген тұрғыда зерттеу жүргізген.

Қаншалықты адам өзін ұстай алады деген кезде ең алдымен адамның өз нәпсісін тәрбиелеу деген мәселеге келіп тіреледі.

Мораль ең алдымен адамның мінез-құлқына қарайды. Егерде адам денесін тән, жан және ақыл деп бөлетін болсақ, ол кезде мораль адамның жанын білдіреді. Ал адамды жаны бар адам екен десек, онда ол жақсы, мейрімді болғаны. Жансыз десек, ол кезде адам қатыгез, кекшіл болғаны. Аристотель мораль адам жанының айнасы деп айтады. Адам жаны деген кезде ақылды және ақылсыз әрекеттердің бірігіп іс-жасауы.

Ақылсыз әрекеттер бізге индивитті көрсетеді яғни өзін жалғыз санау, теңі жоқ сияқты.

Ақылмен жасалған әрекеттер адамды жақсы және тура жолға жетелейді. Адам ақылмен жұмыс істесе адамның жан дүниесі таза болғаны, егер де ақылсыз жұмыс істесе ол кезде адамның жан дүниесі күнә толы болғаны.

3-Қоғамдағы моральдық өлшемдер

Мораль күрделі қоғамдық құбылыс болғандықтан ол өзінің мазмұны қоғамда адамның және моральдың мұраттар жақсылық пен жамандық әділеттік және әділетсіздіктер ұғымдары бейнелейтін моральдық сананы да қамтиды. Моральдық сананың бұл формалары моральдық іс-әрекеттерді тек белгілеп қоймай, сондай-ақ оларды белгілі бір тұрғыда негіздеуге және бағалауға мүмкіндік беретін мағыналық жағынан тәртіпке келтірілген жүйеге біріктірілген.

Адам өз өмірін құрайды және аяққа тұру үшін күреседі. Ол тұрған жағдайда қанағат етпей үнемі жоғарыға ұмтылады. Әуелгі кезде дүниені төменде жаман дүние, жоғарыда жақсы дүние, ортада адам деп таныған. Алайда жоғарыда да емес төменде де емес. Ол төменнен жоғарыға шығатын сатыда. Ол жолда яғни жермен көкті бірлестіруде. Қазіргі заманда адам ортада және ол дамудың басты себебі, әрі ол өткенмен болашақтың ортасында.

4-Адам өміріндегі мораль

Мораль қоғамдық санамен қатар жеке адам санасында да елеулі роль атқарады. Қоғам қалыптастырған адамгершілік түсініктеріне қарап және тәрбие процесінде оларды игере отырып жеке адам өз мінез-құлқын айтарлықтай дәрежеде өздігінше реттей алады және айналасында болып жатқан барлық оқиғаларға моральдық баға бере алады. Осының арқасында ол моральды тек әлеуметтік бақылаудың объектісі ғана емес сондай-ақ оның саналы субъектісі. Яғни адамгершілігі бар жеке ретінде де көрінеді.

Адамгершілік мәселесі адамзат мәдениетінің руханиятының қалыптасуымен байланысты дүниелер. Адамгершілік құлық адамның өзінің әлеуметтік қалыптасу тарихымен, мәдениеттің бой көтеру процесімен бірге пайда болған.

5-Дін және Мораль

Моральдың ең басты сипаты нәпсі тәрбиесі. Әрине нәпсі тыю дегеніміз ләззат сезімдерін мүлдем жою деген сөз емес. Егерде нәпсіңді ақылмен тәрбиелесек өзіңе бағындыра аласың. Ең маңыздысы ақыл және сезім арасындағы мәселені шешу керек. Аристотель шығармаларында былай жақсы істің бастамасы ақыл емес, дұрыс бағытталған сезімдер. Егер сезім дұрыс бағытталса ақыл да сол сезімдерге ереді. Ал егер де жақсылықтың бастамасы ақыл болса онда көбінесе сезім қарсы шығады. Ең қолайлысы дұрыс бағытталған ақыл сезіммен бір болуы. Жоғарыда айтылғандар бізге моральдың тек қана адамға байланысты екенін көрсетеді.

Біреу үшін ол пайда, біреу үшін Аллаһқа деген ғашықтық, басқа үшін қуаныш т.б. Бірақ мұның барлығына жету үшін күресу керек екендігі мәлім.

6-Дін мен Моральдың қоғам өміріндегі ролі

Мораль дін құқық өнер және т.б. сияқты қоғамдық сананың бір формасы. Басқа қоғамдық сана формаларымен тығыз байланыста бола тұра мораль олардан өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді. Мысалы мораль мен құқық нормаларының шығу төркіні бір. Өйткені олар адамдардың қарым-қатынасын реттеуші, керек жағдайда шектеуші болып табылады. Бірақ сол нормалардың орындалу орындалмауын қадағалау тұрғысынан мораль мен құқық өзгеше. Құқық нормаларының іс жүзіне асуын белгілі бір мемлекет құзырлы органдар, заң мекемелері қадағалайды. Жүзеге аспай немесе нормалар ұстанбаған жағдайда әркімге сол органдар тарапынан жазалану қаупі бар. Ал мораль нормалары сыртқы қалау емес ішкі бақылау адамның ішкі дауысы ұятына және қоршаған қауым көпшіліктің көзқарасына тәуелді.

Көптеген ерекшеліктерімен қатар мораль басқа қоғамдық сана формаларымен тығыз байланыста дамиды. Әсіресе діннің адамгершілік құлықты қалыптастырудағы ролі орасан зор.

Дін-адамның адамдығының басты көрсеткіші. Діни сезімдер адамдардың басын біріктіруде маңызды орынға ие. Ғибадаттардың көпшілігі жамағатпен жасалуы. Қоғамға қаншалықты мән берілетіндігін көрсетеді.

Лекция 3. Тақырыбы: Құндылықтардың құрылымы және дін

1-Рухани және материалдық құндылықтар

Адам руханиятының маңызды бөлігі құндылықтар болып табылады. Құндылықтыр әлемі дегеніміз-адамның объективтік шындыққа деген көзқарасы.

Бұл көзқарас тек қана ақылымен пайда болады. Яғни бір заттың не болғанын неден тұратыны емес бұл заттың бізге деген пайдасы бар ма? Құндылығы қандай екендігін қарайды?

XIX-ғасырдың ортасына дейін құндылықтар туралы мағлұмат жоқ. Кейіннен құндылықтар философиясы, аксиологиясы деген ұғымдар пайда бола бастады. Алайда құндылықтарды түсіну және оның теориясын ашу көп уақыт бұрын пайда болған. Көне философиялық еңбектерде адамдардың қылықтары жасаған іс-әрекеттері: әдемілік, жақсы, жаман және т.б.

Құндылық деген сөздің шығу тегі үш нәрсені білдіреді:

- 1) Заттардың сипаты (сырт көзбен).
- 2) Адамның психологиялық қылықтары.
- 3) Адамдармен деген қарым-қатынастары.

Дробницкий О.Г., құндылықтарды екі тұрғыдан қарастырады:

Құндылықтар: жеке тұлға және қоғам арасындағы проблемаларды зерттейді.

Қоғамның тарихи дамуын зерттейді.

Қоғам өмірінде белгілі қағидалар бар. Жақсы, жаман, әділ, әділетсіздік. Осылайша құндылық субъект және объект арасындағы қарым-қатынас болып табылады.

Құндылықтар тек белгілі нормалар, шарттар болса ғана әсер бере алады. Құндылықтар сана яғни құндылықтардың сана жүйесі тек идеал болса өмір бере алады. Белгілі бір идеал болса ғана біз заттарды бағалай білеміз. Құндылық мақсатпен бірлескен кезде күшті болады. Мақсат дегеніміз қалау бірақ әр қалау мақсатымыз емес.

Қоғамдағы әлеуметтік тұрмысқа қарай әр қоғамның өзіне тән құндылықтары мен идеалдары бар. Құндылықтарды материалдық және рухани деп екіге бөлуге болады.

Материалдық дегеніміз тән, биологиялық ал рухани болса идеал және санадан тұрады. Адам баласы биологиялық және материалдық болмыстан тұрады. Оның рухани қажеттілігі бар. Өлемдігі заттар және құбылыстар адам үшін аса құнды. Өйткені олар адамның өмір сүруі үшін қажеттіліктер.

Адам тек қана материалдық болмыс емес. Егер де ол өзінің биологиялық қажеттіліктерін өз сана сізіміне бағындыра алса ғана адам болып өмір сүре алады. Екінші жақтан адамның рухани өмірі де жақсы болса адам болып өмір сүре алады. Адамда рухани қажеттіліктер бар: әдебиет оқу, табиғатты тану, ән тыңдау т.б. Рухани құндылықтар адамның рухани өмірінің негізі.

2-Діни дүниетаным және рухани құндылықтар

Діннің басты қызметі адамдық қарым-қатынастарды белгілі бір тәртіпке келтіріп оның құдіреттілігі мен қасиеттілігіне адамды сендіру.

Дін тек салт-дәстүр әдет-ғұрып шеңберімен шектелмейді. Ол рухани мәдениеттіліктің баламасы, дүниетанымның бір бітімі дүниедегі бағдар мен жол көрсетуші.

Қоғамның маңызды бір саласы дін. Егер біз мәдениетті адамның дүниедегі болмыс тәсілі деп қарастырсақ онда дін осы болмысқа мағыналық және тұрақтылық беретін күшке жатады.

Құндылықтар дүниетаным ықпалымен қалыптасады. Себебі адам әрқашан өзінің әлеуметтік тәжірибесі барысында әр түрлі көзқарастарды біріктіруге ұмтылады.

3-Жалпы адами құндылықтар

Мәдениет-адамның қажеттіліктері мен сананың бірге жұмыс істеу нәтижесі. Егер де адамда құндылықтар және сана болмағанда адамда ешқандай мәдениет (материалдық және рухани) болмас еді.

Құндылық дегеніміз заттың сипаты, ал баға сол заттың ерекшеліктері, бірақ осы ерекшеліктер адамның табиғатын білдіруде. Бағалау нәтижесінде қоғамда этикалық қағидалар пайда бола бастайды.

Құндылықтар түрлі формаларда болады. Материалдық, рухани, этикалық, эстетикалық, саяси, және діни т.б.

4-Діни құндылықтардың ролі

Діни құндылықтар аса қажет өйткені материалдық, этикалық, саяси т.б. құндылықтар адамның сырт өміріне ғана қатысты. Ал адам болса сенімді, ішкі дүниесін талдауды керек етеді.

Діни құндылықтардың классификациясы әртүрлі. Мысалы Рух, идея, құдай-ең жоғары құндылық. Бұл ортағасырда пайда болған. Ол кезде дін бүкіл мәселелрге араласатын. Құдайда ақиқат, жақсылық және әдемілік бірлескен.

Ғалымдар бұл құбылысты әртүрлі талдайды. Кейбіреулерге асыл құндылық «үміт», кейбіреулері үшін «ғашықтық». Нәтижеде орта ғасырда асыл құндылық Құдай. Орта ғасырда құндылықтарды символ арқылы түсіндере бастады. Соңында философияда симиотика (ишара және белгілер) ғылымы пайда болды. Яғни діни құндылықтарды символ арқылы түсіндірді.

Лекция 4. Тақырыбы: Негізгі діни-этикалық категориялар

Діни этиканың негізгі категориялары мен ұғымдары

Көптеген философиялық-теориялық пәндермен салыстырғанда этиканың категориялары күнделікті тілде кең пайдаланылатын сөздерден тұрады. Этикалық категориялардың барлығы табиғи құбылыстарға еш қатынасы жоқ, тек тікелей дам әлемімен байланысты ұғымдар. Өйткені адамгершілік, тек адамға, яғни жақсылық пен жамандықтың арасын ажырата білетін ерік-жігері бар жан иесіне ғана тиесілі.

Достық – адамдар арасындағы баланыстың ең ізгі, ең қалаулы, ең келісті түрі. Ол адамдардың бір-бірін қажетсінуінен, құрмет тұтуынан шынайы тілектестіктен, сенімнен құралады.

Махаббат- достықтың, тату-тәттіліктің, құрмет-ізеттің асқар шыңы. Онсыз өмірдің мәні, қызығ, құны жоқ. Абай ақын «Махаббатсыз дүие-бос» деп тегін айтпаған. Махаббат адам өмірінің ұлы жарастығы. Махаббатпен адамның бүкіл тіршілігі байланысты. Ол дүниеге келген мезеттен ата-ана махаббатының жылуына бөленсе, одан кейін дос-жаран, жора-жолдастарының сүйіспеншілігін біледі. Барлық ұлы істерге адамды қажыр беріп бастаушы күш-махаббат.

Жомарттылық- басқаға жақсылық жасап, көмек көрсетуге пейілдік.

Мейірімділік- этиканың орталық категориясы. Бұл категорияның қосалы екендігін айтар болсақ, онда қатыгездік, зұлымдықты еске аламыз. Ең абстрактілідеңгейде мейірімділік пен зұлымдықты дамгершілік пен адагершіліксіз айуандықтың баламасы деуге болады. Мейірімділік арқылы адамдар өздерінің отақ мүдделерін, талап-тілектерін, болашақтан үмітін танытады. Мейірімділік категориясында барлық оң қылықтар жинақталған.

Ар-намыс, ұят-абырой-бұл ұғымдардың бір-бірімен тығыз байланыстығы соншалық оларды бөліп жарып қарастырудың өзі қиын. Ұят-адамгершіліктің бір жемісі, сонымен қатар ар-намыстың қосшысы. Ұят жоқ жерде әдеп-инабаттылық жоқ.

Абырой- адамның өз іс-әрекеттерінің тиесілі адамгершілік мұраттарына сәйкес келуінен пайда болатын өзіндік жеткіліктік.

Парыз бен қарыз- адамның моральдық мұратқа байланысты қойылған талаптары орындау қажеттілігін түсіну.

Әділеттік- мейірімділіктің нақтыланған өзіндік бір түрі. Ол адамды қоғмның елеуі, марапаттауы болып саналады.

Бақыт- этиканың іргелі категориясы болып табылады. Бақыт деп өзіндік болмыстың кемелдігін, түгелдігін, асқан қуаныш әкелген ерекше көтеріңкі көңіл күйін айтады.

Діни этикадағы ізгілік пен зұлымдық категориялары

Адамдар арасындағы қарым-қатынасын, тәртібін қаса қана бұзу, зорық зомбылық жасап, мәжбүр ету, реніш, қорлау, зорлау сияқты істер Құранда зұлымдық істері деп көрсетіледі. Зұлымдыққа қарсы тұрудың түрлі тәсілдері бар. Барлық жерде әділдік жүру керек. Өйткені: 1-Зорлық деп жүргені жәбірлеуші тарапынан да жіберілген қате болуы мүмкін. 2-Зұлымдықтан жапа шегуші онсыз да бағалы болып табылатын моральдық адалдығын сақтады. 3-Бұзақылық, зұлымдық зиянын арттыратын ауыр зардаптарға ұрындырады да әділдікке қолы жетпейді.

Лекция 5. Тақырыбы: Ежелгі замандағы діни этикалық ілімдер

Конфуцизмның діни этикалық концепцияларының қалыптасуына ежелгі анышпандардың алдында абсолюттық бас июдің арқасында болды. Бұл бас ию Қытайда көптеген ғасырлар бойы басқа өркениетті қоғмдарға қарағанда діннің үстінен моральдың үстемдік жүргізуіне мүмкіндік берді. Көптеген діни мәселелерге қытайлықтар прагматикалық мораль тұрғысынан қарады. Басқа мемлекеттерде мораль діни догмалардан шыққан болса Қытайда крісінше жоғары мәртебеге көтеріліп догманы канон ретінде қабылдаған. Бұл мағынада кейбір ғалымдардың түсініктеріне қарап конфуцизмды дін ретінде қабылдауларын түсінуге болады.

Конфуций: Конфуцизм ежелгі Қытайда да б.д.д. VI ғ. Орта шенінде қалыптасқан философиялық жүйе. Оның негізін салған ежелгі Қытай ойшылы Конфуций (Кун-цзы, 551-479 ж. б.д.д.) ол өз шығармаларын қалдырмаған. Оның ілімі ізбасарларының жазбалары бойынша белгілі, кейде қайшылықты болып келеді. Бұл ілімдегі басты мәселелер тәртіп ережелері, дұрыс өмір сүру негіздері. Оған үлгі ретінде алтын ғасырды алады, данышпандардан үйренуге шақырады. Өздерінің жоғары адамгершілікті адам идеясын жасайды (цзюнь-цзы) оның құнды жағы: гуманистілігі және парыз сезімталдығы. Гуманистік (жэнь) Конфуций ұғымы бойынша қарапайымдылық, ақыл, қайырымдылық, әділеттік сезімі.

Конфуций ілімінің түп тамыры адам және қоғам мәселесіне тіріледі. Адам-элеуметті жан, элеуметті ортада оның нағыз орны, қызметі анықталады. Адамның табиғат туа бітсе, адам өмірінің мән-жайы қоғамда, басқа адамдармен қарым-қатынаста қалыптасады, тіпті ашылады. Адамның мәнісін «бес тұрақтылық» (у нан) құрайды. Бес тұрақтылыққа – жэнь (адамгершілік), адамды ұнату, ли (сыпайлық, рәсім, әдеп), вэнь (тәрбиелілік), цзюнь-цзы (идеал адам, адал ер)

Зороастризмдегі құндылықтардың мифологиялық негіздері: Зороастризм аңыз бойынша біздің дәуірімізге дейінгі 1500-1200 жылдар аралығында өмір сүрген. Ахурамаздаға (отқа қайырымдылық құдайы) табынуға негізделген жаңа дін жүйесін, әлемдік этика үлгісін жасады.

Ахурамазданың жарық пен ізгілік әлеміне Ангра-Майнудің зұлымдық пен қас әлемі қарсы тұрды. Зұлымдық құдайы Ахурамазданы мейілінше жек көрді. Бірақ оған қарсы әлдене жасауға дәрменсіз еді: бір ауыз ізгі сөздің өзі зұлымдық рухын құртып жібере алатын еді. Бұл күрес мың жылға созылады. Одан кейінгі мыңжылдықта жарық пен ізгілік құдайы «фравашаи»-Заратуштраның рух болмысын жасап, оны «ғұмыр бәйтерегі»-«хаоманың» өзегіне орналастырады. Осыдан кейінгі кезеңде жарық пен қапастың ортасындағы заттық әлем жасалады. Ахурамазда өз қолымен бірінші адамды және бір бұқаны жаратады. Үшінші мыңжылдықта Ангра-Майну Ахурамаздмен соғысып, бұқа мен адамды өлтіреді, бірақ олардың ішінен адамдар шығады.

Келесі мыңжылдықта Ахурамазда Заратуштраға адам кейпін беріп, адамдарға ақиқат дін таратуға жұмсады. Жарықты қорғай ма, қапас жағына шыға ма-таңдауды Заратуштраның өзіне қалдырады. Адамзаттың басым бөлегінің дұрыс өмір құруы, ізгілік жағында болуы Ахурамазданың зұлымдықты жеңуіне көмектеседі. Әлемнің даму циклі аяқталғанда Заратуштра жер бетіне құтқарушы кейпінде оралады. Заратуштра діні бойынша ақыр заман болғанда өлгендер Ахурамазданың алдына жауапқа барады. өлген адамның жаны аспанға ұшып, «жаза көпіріне» барады. Оларды онда құдай күтіп тұрады. Күнәсіз жандар жарық пен қайырымдылық әлеміне, күнә жасағандар зұлымдық әлеміне жіберіледі.

Зороастризм ілімі ізгілік пен зұлымдық, жарық пен ымырасыз күресі арқылы ең жоғары адамшылық құндылықтарыны жетуді үш дәрежеге бөледі. 1-Жарату, 2-Жақсы мен жаманның сапырылысы, 3-ізгіліктің зұлымдықты жеңіп мәңгі жасау дәуірі. Мұның негізінде бәрі өзінің бастапқы қалпына оралады деген мағына жатыр, яғни бірінші ізгілік құдайы әлемге келіп, зұлымдық құдайы сонан соң пайда болды.

Зороастризм этикасының негізі тек қана өз денсаулығынды ойлау емес және де жан тазалығын ойлау. Зороастризм моралі тамаққа да көп көңіл бөледі. өйткені қарны аш адам жақсы істер жасай алмайды- деп түсінілуде. Яғни аштық пен нашар тамақтану адамның ахлағына кері әсер береді.

Егерде адам осы дүниеде көп ізгі істер жасаса онда о дүниеде сыйлық алады, яғни оның жаны мәңгілікке кетіп өз денесін күтеді, және ... күнінде бірлеседі. Ал жамандық жасаса онда жаза алады, яғни оның жаны денемен бірлеспейді. Яғни Авеста адамдарды тек бұл дүниедегі жазалармен емес о дүниедегі өмірімен де қорқытуда.

Лекция 6. Тақырыбы: Будда

Буддизм атауы осы ілімнің негізін салушы Будда есімімен байланысты. «Будда»-санскрит сөзі («будх»-ояну, көзі ашылу), ұйқыдағы сананың оянып, сергек санаға өтуін білдіреді. Бір сөзбен айтқанда «будда» кез келген белсенді сананың иесі, ал ақыл-ойдың белсенді күйінің не екенін Будда ілімі түсіндіреді. Бұл ілімді YI ғасырда Үндістан жерінде тарихи қайраткер Сиддхартха Гаутама таратты. 29 жасында Сиддхартха бар байлықтан, патшалықтан, отбасынан бас тартып, адамзатты азаптардан құтқарудың жолын іздеп шығды. 6 жыл даналармен, діндарлармен әңгімелесіп, тақуалық өмір кешкенде өзін оландырған сұрақтарға жауап таппайды.

Буддизмнің негізін салушы Будда (сергектенген) деп аталған Сиддхартха, ірі мемлекеттердің құрылуы кезеңінде касталық айырмашылықтардың, құдайға сыйынудың және құрбандық шалудың күрделі ырымдарын қасиет тұтқан брахман дініне қарсы халық бұқарасының наразылығын білдірді. Ол қағы қасіреттен арылуды тек имандылықты жетілдіруден іздеп, одан өмірден баз кешу, нирванаға берілу жолымен ғана қол жеткізуге болады деп түйді. Будда әке құдайдың өмір сүруін мансұқ етті.

Будданың өмір сүру принципі - рахат өмір сүру, нәпсін тыю күшті өмірге апармайды. Бақыт дегеніміз адам өмірінің ең кемелдену дәуірі. Яғни жеке тұлға іштегі күмәндарды жеңіп кемелденуге жетеді. Яғни ол толық қанағатты болып, ештеңе қажет етпейді. Будда үшін бақыт деген бір өмірден басқа бір өмірге өту. Кеңірек айтқанда құдайлардан бастап тозақ тұрғындарына дейін, және әр өмірде қиындықтар көп. Бұған сансара деніледі, мағынасы «әр түрлі құбылыстарға айналу» деген сөз. Бақыт та сол кезде келеді, осы айналымнан жан шыққанша сансара теңізін тек рахат толы кемемен өте аламыз қайғы толы кемемен өте алмаймыз. Осыны біліп Будда үшінші жолды іздей бастайды. Үшінші жол ол орта жол. Яғни шехви сезімдер жоқ бола бастағанда адам өзінің моральдік негізін табады.

-Төрт қасиетті ақиқат

Киелі саналатын Бодхи ағашының түбінде ойға шомып отырған Сиддхартхаға кенеттен шындық ашылады. Бұл шындық буддизмнің төрт «ұлы ақиқатына» айналады.

Бірінші ақиқат бойынша адам өмірі азап шегуден, қайғы-қасіреттен тұрады.

Екінші ақиқат бойынша азап шегудің себептері адамдардың тілегі мен құмарлығына байланысты болады.

Үшінші ақиқат бойынша азаптан құтылудың жолдары-адамдардың өздерінің тілек, құмарлық ұмтылыстарына тежеу салу.

Төртінші ақиқат бойынша азаптан толық құтқарылу- Будда көрсеткен жолға түсу. Ол «игілікті сегіз жол» мыналар: дұрыс түсінік (пұтшылдықтан, адасушылдықтан бөлек), дұрыс ой (кемелденген даналарға тән), дұрыс сөз (шыншыл, жылы), дұрыс іс-әрекет (татулықтағы, таза), дұрыс жинақылық (өзін-өзі тәрбиелеу, өзін ұстай білу), дұрыс мінез-құлық (ешкімге жәбірлік көрсетпеу), дұрыс көңіл бөлу (йога), рухани дұрыс шынығу (медитация)

Буддизмдегі негізгі құндылықтар:

Буддизм этикасы адамның іс-әрекетін зерттейді және ол екіге бөлінеді:

Кусала (моральдық)

Акусала (моральдық емес)

Кусала – даналық ақ көңілдік, қайғысын бөлісу деген мағынаны білдіреді. Ол осы үш негізге сүйенеді. Акусала- жек көру, ашкөздік және де алдап арбау.

Буддизм этикасының екіге бөліну себебі: Моральдік іс-әрекеттер адамның рухын көтереді. Буддизм жолындағы адамдарға құаныш әкеледі. Моральдік емес ақиқат жолға кедергі болғандығы барлығы акусала болып табылады. Будда діні моральдік этиканың діні болып табылады. Ол бес ережені қамтиды: Тірі жанды өлтірмеуге сөз береді. Маған біреу бір нәрсе бере оны алмаймын. Жаман сезімдерден бас тартады. Өтірік айтудан бас тартады. Адамның санасын бұзатын заттарға үйір болмайды.

Монахтарға 253 түрлі қылықтарға тыйым салынған. Соның ішіндегі ең негізгі талаптар жоғарыда айтылған бесеуі.

Лекция 7. Тақырыбы: Батыс этикасы. Иудаизм мен христиандықтағы мораль.

Иудаизм (Хз.Мұса)

Яхуди Иуда мемлекетіне мүше деген сөз. Көпше түрі- яхуд. Яхуди сөзін Иуда аймағында орналасқан ескі Израиль халқының жаңа нәсілдері үшін қолданылғаны айтылады. Қауым ретінде аралас ұлт түріндегі яхудилер көбінесе әлеуметтік және діни қоғам болып қабылдануда. Яхудилердің қасиетті кітабы Тәураттағы мәліметтер, олардың алғашқы ғасырдан бастап сол аймақтағы қонандықтар, амулықтар, амалика және мысырлықтармен араласқанын көрсеткен. Яхудилердің, яғни Израиль ұлдарының үлкен аталарының Ибрахим пайғамбар екенін және олардың б.э.д. 1800 ж. Лұт пайғамбардың қауымымен қосылып, солтүстік Месопотамия аймағында Харранға (Урфа) қарай көшкені айтылады. Бірақ бұл жерде үлкен ашаршылыққы ұшырап, айналадағы қауымдардың шабуылынан кейін Мысырға көшкен.

Израиль ұлдары (Яхудилер) атауларын Ибрахим пайғамбардың немересі және Израиль лақабымен танылған Яқұп пайғамбардан алған. Яқұптың 12 баласының арасында қызғаншақтықтан туғн келіспеушілік, яхудилердің Мысырда перғауындар өлкесінде таралып өмір сүруіне және Мысырдан кетуіне себеп болған. Мұса пайғамбардың басшылығымен Израиль ұлдары Мысырдан кеткен. Хз.Мұсаның басқаруымен Мысырдан кеткен Яхудилер Сина түбегіндегі Тих даласына келіп кейіннен Сирия мен Палестина аймақтарына тарады. Бұл жерде біріккенімен б.э.д. 933 ж. Изриль және Яһуда атты екі мемлекетіне бөлінген. Хз. Мұсаның уағыздаған дінін қабылдамаған. Израиль мелекеті Солтүстіктен келген шапқыншылық кезінде қысымға алынып, кейіннен б.э.д. 705 ж. Асур патшасы Саргон тарапынан жойылады.

Яхудилік бір тәңірлік сенімге ие (монотеист) дін болса да, бұл тәңір барлық адамзаттың тәңірі болмай, тек яхудилердің ұлттық тәңірі болып табылады. Тәңірдің аты Яһова. Яһова соғысқұмар бір тәңір. Яхудилердің дұшпаны - Яһованың да дұшпаны. Яхудилер тәңірдің уахимен жазылғанына сенетін Тәураттың алғашқы бес кітабына иман етеді. Інжілмен Құранға сенбейді. Пайғамбарға сенеді, бірақ Иса мен Мұхаммедтің пайғамбарлығын қабылдамайды.

Яхудилікте періштелерге, ақырет күніне, қаза мен тағдырға, құтқарушы месихтің келетініне сену-иман негіздері болып табылады.

Тәуелсіздігін жоғалтып, ұзақ жылдар бойы таралған түрде және біреудің қол астында өмір сүрген яхудилер месихтің бір күні келетініне, Израиль ұлдарына тәуелсіздік алып беретініне және сөз берілген жерге қайтаратына, қираған Сүлеймен ғибадатханасын жөндеп, ғибадат жасауға ашатынына сенеді.

Яхудилер ғибадаттарын Хаврада жасайды. Ғибадат кезінде Тәурат оқылып дұға етіледі. Ең маңызды ғибадаттары сенбі күні топпен Хаврада жасалатын апталық ғибадат болып табылады.

Яхудилікте «он әмір» деген негіздер өте маңызды. Мұсаның Тұр тауында тәңір Яһовадан алғанына сенілген осы он әмір мыналар:

Менен басқа тәңір болмасын.

Өзің үшін пұт жасамайсың.

Раббы Яһова атын бостан-босқа айтқан адам жазаланады.

Сенбі (себт) күнін қасиетті етіп, есте ұстау керек.

Ата-анаға құрмет көрсетесің.

Адам өлтірмейсің.

Зинақорлық жасамайсың.

Ұрлық жасамайсың.

Көршіне қарсы жалған күә болмайсың.

Көршінің үйіне зиян келтірмейсің.

Яхудиелер осы сенім мен ахлақтың (моральдық) негіздерімен қоса, тақуалық және мистикалық өмірге мән береді. Пікірталаста болуды жақсы көреді.

Христианжық (Хз.Иса)

Христиандық б.д. I ғас. басында Палестинада пайда болған дін. Дін Иса пайғамбардың (Исус Христос) есімі мен аталған. Христос сөзі грек тілінде «құтқарушы» (мессия) мағынасын білдіреді. Христиан сенімі бойынша (Інжілде жазылған) Исус Христос құдайдың ұлы құтқарушы, ал исламда пайғамбар (Құран: 43:59:9:30-31:5:72/76) деп қабылданады. Христиан діні шығыс халықтарының діні ғана емес философиялық түсініктерінде қабылады. Христианшылдықтың идеялық төркіні 1) әр түрлі шығыс діндерінің мифологиясы, 2) ежелгі дүниедегі арнайы философиялық ұғым еді.

Христос таза жүктіболудың нәтижесінде туылған құдайдың баласы болып табылады. Оны Құдай адамдарды қатаң сотқа дайындау, өздерінің күнәларынан құтылу үшін, оларға жол көрсету үшін жіберді. Бұған қоса бұл Исус еврейлерде Исус аты бар белгілі бір отбасында белгілі бір халық арасында белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде туылған. Адам Исустың адамдық өмірі туылған қайтыс болғанға дейін адамның заңы бойынша өтті. Яғни Исус әрі Христос әрі адам әрі құдай болып табылады. Оның құдайлық толық сипаты нақты бірыңғай адамдық қасиетімен бірігеді.

Исус – Давид тұқымындағы еврей, балташының қарапайым отбасында туылған оның әкесінің аты Иосиф ол баласының мұғалім болғанына дейін қайтыс болған, ал шешесі – Мария олар Назареттегі Галилей атты кішкентай қалада тұрды.

Исус Иерусалимнің маңындағы Вифлемде туылған, яғни мұнда әкесімен шешесі халықтың тіркелуінің ұзаруына байланысты қалуға міндетті болды. Бұл жерде отбасы тоқталып балаға иудейістік ортада салт-дәстүр қабылданды. Кейіннен отбасы Мысырға баласын құтқару үшін қашып кетеді. Бұл кезде иудейдегі Ирод ханына Вифлемге шығыстан адамдар келіп балаға сыйынғаны туралы белгілі болды. Яғни жұлдызнама бойынша ол бала иудейістік хан болу керек. Ирод сол қаладағы барлық балаларды өлтіруге әмір береді. Сол кезден бастап Иродтың аты жауыз деген мағынаға келетін. Иродтың өлімінен кейін Иосиф өз отбасымен Назарет отанына оралды.

-Жақсылық

Исус уақыттың соңында жақсылық пен жамандықтан жарық пен қараңғылықтың, өмір мен өлімнің бір-бірінен өте алмайтын күзбен бөлінетіндігін айтады. Соған ұмтылатын адам секілді емес, ол сол жақтан келген адам секілді айтады.

Орта ғасырлық христиан Августин әулие зұлымдық туралы мына қағиданы айтып кеткен: адам бір жағына күнәға белінен батқан тәнінің ырқынан шыға алмайтын пақыр, екінші жағынан болса құдай берекесі – рухты алып жүрген жан иесі. Осынау бір басын екі жаққа тартқан кереғар пенде үшін бұл дүниедегі жақсылық, мейірімділігін көзі де өзі де құдай деп түсіндіреді. Ал нақты өмір шындығында күнделікті куә болып жүрген зұлымдықтың субстанционалды негізі жоқ, бірік көріністерінің адам өмірінде кездесуіне адамның жеке басының еркі жауапты деп таниды.

Сонымен бірге олар басқа адамдағы жақсылықты сезінеді, бірақ жамандыққа дайын емес. Көріп отырғанымыздай жамандық пен жақсылық арасындағы және белгілі жетістіктер мен жетіспеушіліктерінің арасындағы айырмашылықты білу үшін адам баласының Құдайдың бар екені туралы білудің қажеті жоқ, жамандық пен жақсылықтың айырмашылығын ашық білу көптеген құндылықтарды сипаттайды.

-Әділеттілік пен мейірімділік

Әділеттілік- адамның жасаған істерінің бағасы. Бұл бағаны беру үшін екі нәрсе қажет: істерді өлшеу ережесі және бұл бағаны беретін тұлға.сондықтан әділеттілік заң және сотпен бірлеседі.

Мейірімділік – адамды жақсы-жымын іс-әрекеттеріне қарамастан жақсы көру. Иса пайғамбардың түсінігінде әділеттілік пен мейірімділікті мына хикаядан біле аламыз: бір кісі жүзім жинау үшін адам жалдайды. Және оларға жұмыс аяқталғаннан кейін бір динардан беретін болып келіседі. Кейін сағат үште және адам жалдап олармен де солай

келіседі. Кейін сағат алтыда және адам жалдайды, кейін сағат тоғызда да , он бірдеде жаплайды, сағат он екіде жұмыс бітіп иесі ақыларын береді. Ең алдымен он бірде жалдаған адамдарға бір динардан береді, сол кезде ең бірінші жалдаған адамдары «бізге көптеу беретін шығар деп ойлайды». Соңынд алғашқы жалдаған адамдарға да бір динар береді. Сонда жұмысшылар неге деп ашуланады, иесі мен сендермен солай келістім ғой, мен әділмін, ал соңғыларға бір динар берсем ол менің мейірімділігім-деп жауап берді. Сол сияқты мейірімділік әділеттікті жоққа шығармайды, бірақ оған да бағынбайды. Мейірімділік қайтарсыз жасалынады, шегі жоқ.

Лекция 8. Тақырыбы: Христиан дінінің діни-этикалық құндылықтары

-Христиан дінінің моральдық құндылықтарының қалыптасуы

Христиан діні моральды жоғары бағалайды, бірақ толығымен дінге байланыстырады. Өйткені моральды дінмен байланыстырмасақ ешқандай идеал пайда бола алмайды және біз адамдар алдында мақсат қоя алмаймыз. Мораль және дін жеке адамның жалпыға деген қарым-қатынасын зерттеуде. Моральдің негізі- адамның қоғамға деген қарым-қатынасы, діннің негізі-адамның Аллаһқа деген қатынасы.

Дін үшін адамды өзіне бағындыратын құндылық-Құдай. Адамның құндылығы болса Құдайға деген қатынасымен өлшенеді. Сондықтан адамның өмір сүру мәнін өзінде емес, дінде іздеу керек. Христиан дінінде адамның бұл өмірде сүру мақсаты-жанын/рухын құтқару/тазалау. Бұл- бір діни ақиқат.

Христиан аксиологиясы жан мен тәнге негізделеді. Тән-зұлымдық, жан-ізгілік деп санайды.

-Христиан дінінде ізгіліктің шешімі

Теологтардың көзқарасы бойынша ізгілік және зұлымдық деген екі категорияны адам санасына дін енгізген. Христиан этикасында бұл екі категорияның мәні құтқарушы деп біледі. Ізгілік –Аллаһтың маңызды сипаттарынан бірі. Ізгілік адамның сенімін күшейтеді. Және де адамның істерін жаман немесе жақсы деп нақты айталмаймыз. Өйткені жаман дегеніміз жақсы, және жақсы дегеніміз жаман болу мүмкін.

-Христиан дінінде зұлымдық шешімі

Ізгілік мен зұлымдық ұғымдары барлық діндерде болған. Зороастризмде бұл екі ұғым жарық және қараңғылықпен теңеседі. Зұлымдық – абсолюттық ұғым. Адамның басына түскен зұлымдық оның мәңгі өмірде құтқарушысы. Адамның ішінде үнемі бұл екі ұғымның күресі жүруде. Ізгі істер жасаған адам Аллаһтан күш алады, ал зұлымдық жасаған адамдар күшті өз еркілерінен алады. Сондықтан христиандық дам бостандығын болымсыз түге айналдыруда, яғни зұлымдық жасау бостандыққа итермелейді.

Аврелий Августиннің теодицеясы

Августин Аврелий (354-430) Солтүстік Африкаа гиппона епископы христиан дінбасы және неоплатонизмге жақын тұрған философ. Ол «Нанымсыз білім жоқ, ақиқат жоқ» деген принципке бағынады. Августиннің көзқарасы –схоластика көздерінің бірі. «Құдайдың қаласы туралы » деген шығармасында Августин тарихты, адам тағдырын фаталистік тұрғыдан түсіндіреті христиандық концепциясын ұсынды. Августинның христиан теологиясының кейінгі дамуына ықпалы орасан зор.

Библиядағы мәтіндердің философиялық мазмұны нақты емес. Бұл мазмұнның дамуы Платон және Аристотельдің философиялық көзқарастарын негізге алғаннан кейін іске асты.

Августин Платон философиясымен таныс еді. Өз заманында Платон ақыл мен жақсылық арқылы мақсатқа жету жолдарын тапқан. Осы Платон логикасын Августин өзгертеді. Ол жан (ішкі дүние) арқылы қалай Аллаһқа жете алатын жолдарын қарастырған. Кемелдікке жету үшін жанымыз арқылы тәнімізді де қолдана аламыз, бірақ бұл Аллаһқа толық жету деген сөз емес. Сана емес тек Аллаһқа деген махаббат бізді оған жеткізеді. Бақыт дегеніміз философиялық шындарға жетуден емес, ол бастауын ішкі

дүниеден алатын Аллаһқа деген махаббаттан тұрады. Аллаһ адамның сыртында ғана емес оның ішінде де орын алады.

Фома Аквинский этикасының құндылықты аспектілері

Фома Аквинский—орта ғасырдың кталик дінінің теологі, ортодоксалдық схоластикан жүйеге келтіруші. Ф.Аквинский Аристотель философиясынан оның материалистік идеяларын алып тастап, идеалистік элементтерін (жаратқан иенің қозғалыссыздығы жайындағы ілімін т.б.) күшейту бағытында әрекет етті.

Ф.Аквинский философиясына неоплатонизм ілімі едәуір ықпалын тигізді. Ол универсалиялардың үш түрін мойындайды: жеке заттарға дейінгі (құдайдың құдіреті), заттардың өздеріндегі (жекедегі жалпылық) және заттардың кейінгі түрі (адам санасында танылатын).

Ф.Аквинскийдің философиясының негізгі принципі-сенім мен сананың үйлесімділігі. Оның пайымдауынша ақыл құдайдың болмысын саналы түрде дәлелдеп, сенімнің ақиқаттығына қарсы пікірді қабылдамайды, барлық өмір сүретін заттар құдайдың құдіреті бойынша қалыптасады.

Аристотель еңбектерінің латын тіліне аудармалары тек XIII ғ. басында ғана біткен. Фома Аквинский өз этикасының анықтамасын жасағанда осы еңбектерден (аудармалардан) пайдаланған. Фома Аквинский Аристотель сияқты жақсылық бақытты өмірдің негізі деп санайды. Яғни жақсылық-Құдай, ал оған деген махаббат-бақыт. Фома Аквинский мен Аристотель «Әр адамның жүрегінде жақсылық жасап жаманықтан ұзақ тұруды талап ететін «табиғи заң» бар» деген пікірде бірлеседі. Осы заңмен жүрген кезде адам Аллаһтың ризасын алады. Фома Аквинскийдің этикасын католиктер құптайды.

Лекция 9. Тақырыбы: Исламның діни этикалық құндылықтары

Ислам және оның моральдық құндылықтары

Исламдағы діни-этикалық құндылықтардың негізі Құранға сүйенеді. Бұл құндылықтар адамзат тарихында мәңгі және ешқашан өзгермейді. Бұл бүкіл дәуірлерге тән. Бір Аллаһқа сенген адам ұлы мінезге ие болады.

Әрбір дін оның ішінде ислам діні де ахлақ құндылықтарын өздері шығармайды тек қана объективті түрде пайда болған құндылықтарға сипат береді. Және де белгілі қағидалармен бірге дін оларға жалпы сипаттама береді. Әсіресе бұл дін адамдарға қолайлы.

Өмірдің мақсаты және мәні деген мәселе бойынша: Құранда бұл өмір уақытша және адамдар Аллаһқа жалбарыну керек, дейді, өйткені өмір алдамшы (фани), қысқа әрі қатыгез екені уралы айтылады. өмірдің мәнін түсіну мәселесі ғайып мәселесімен тығыз байланысты. Адамның ең маңызды борышы – Аллаһқа құлшылық ету.

Ислам дінінде адамға Аллаһ тарапынан жаратылған үшін және оған құлшылық еткен үшін үлкен маңыз беріледі.

Адам өмірінің құндылығы Аллаһқа деген сенімділігімен бағаланады. Сондықтан жай өмірдің ешқандай жеке бір маңызы жоқ. Бұл өмір о дүниеде жақсы өмір сүру үшін берілген емтихан. Және де бұл өмірдегі бақытты адам бақытты болып саналмайды. өйткені адам Аллаһқа құлшылық жасау үшін өз бақытын құрбан ету керек. Және де дүниеде бүкіл құбылыстар Аллаһ тарапынан жасалуда. Сондықтан да адам баласы бүкіл іс-әрекетін Аллаһ Тағала үшін жасау керек.

Қазіргі дін адамдары бұрынғы дін адамдары сияқты осы дүниедегі өмірді және о дүниедегі өмірді салыстыруда. Адам баласы осы өмірде бақытты өмір сүруге тырысу керек. Және бүкіл нығметтерді пайдалану керек. Басқа тұрғыдан қарағанда олардың пікірі бойынша адамның бас мақсаты осы өмірде Аллаһқа құлшылық ету. Құлшылықтың бес негізі бар.

Исламдағы құндылықтар типологиясы

Ислам этикасы тек дін саласында пайда бола алады. Дін адамдары былай дейді: Ислам ахлағы дегеніміз Құран және сүннетте айтылған негізгі қағидалар, өйткені олар Аллаһ тарапынан жаратылған. Ислам ахлағында үш негіз бар:

Бір Аллаһқа сену және оның елшісіне
Ғайыпқа сену
Ақыретке сену

Мұсылман теологиясының пайда болуы

Мұсылман теологиясы Құранға негізделеді. Мұсылман теологиясының нормалар барлық дәуірлерге жарамды. Аллаһ-абсолюттік болмыс. Бұл сипатын айтқанда теологтар Аллаһтың Құранда айтылған 99 атыннан сөз етеді. Осыған байланысты ислам ахлағы өзгермейді. Осы ахлақпен өмір сүру және Аллаһқа сену адамды кәмілдікке алып барады.

Исламда ізгілік пен зұлымдықтың қарастырылуы (Борыш және ар-ұждан Мейірімділік, Кәмілдік)

Ізгілік пен зұлымдық мәселесінде теологтар Құранға сүйене отырып былай дейді: Ізгілік – Аллаһтан, зұлымдық - адамнан, олардың пікірі бойынша Аллаһ зұлымдықты жаратпаған. Және де олар былай дейді: адамдарды сынау үшін Аллаһ зұлымдықты сақтаған. Ал басқа дін адамдары болса зұлымдық пен ізгілікті Аллаһ Тағала жаратқан және адамдардың пайдасы үшін деген пікірде. өйткені Құранда айтылған: адам баласы жақсы нәрсе жасау керек, зұлымдықтан ұзақ жүру керек.

Лекция 10. Тақырыбы: Құран этикасының ерекшелігі

Ислам дінінің сенімі, ғибадаты, әмірлері мен тыйымдары Құран Кәрімге сүйенеді. өйткені Құран Кәрімде жақсы мен жаман іс-әрекеттер баяндалып оларды жасағанда осы дүние мен ақыретте сый мен жазасы болатындығы баяндалады. Сол үшін Құран этикасын исламның сенімімен ғибадатынан бөлектеуге болмайды. Бақара сүресінің 117 аятында «Жүздерінді шығысқа, батысқа жөнелту игілік емес. Бірақ кім Аллаға, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сорып қалса әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар» деген аятты жалпылама ахлақ негізі деп көрсетуге болады. Аятта байқағанымыздай сенімді, құлшылықты және ахлақты бөлек-бөлек қарастырмағандығын көреміз. Сол үшін Құранның адамзатқа беретін әдеп негіздерінде таухид сенімі бар.

Аллаһқа сенбеген адам ислам ахлағын да толық түсіне алмайды. Пайғамбарымыздың бір хадисінде «Мүминдердің иман тұрғысынан ең тамашасы ахлағы жақсы болғаны» дейді.

Құранда «Аллаһқа құлшылық қылындар. Оған ешнәрсені ортақ қоспандар. әкешеге, жақындарға, жетімдерге міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан-жолдасқа жолда қонғандарға және қол астарыңдағыларға жақсылық қылындар. Негізінен Аллаһ тәкаппар, мақтанақты жақсы көрмейді.» (Ниса-36, Исра-22-27, Хужурат-3, Нур-27 аяттарына қара.)

Міне осыған ұқсас көптеген аяттарды мысал беруге болады. Бұл аяттардың барлығы жақсы мен жаманның арасын көрсетіп беру арқылы мұсылмандарға әдептілік қағидаларын егжей-тегжейіне дейін түсіндіруде.

Сол себепті пайғамбарымыз құран ахлағын тікелей өзі бастап орындап біздерге үлгі қалдырып былай деген: «Мен жақсы әдепті толықтыру үшін жіберілдім.» Хз. Мұхаммедтің пайғамбар болмас бұрын Меккеліктер оны әдептілік жағынан оны жоғары бағалады да оған Әл-Әмин (сенімді) деді.

Хз.Пайғамбар барлық жағынан мұсылмандарға ең жоғарғы дәрежелі ахлақта болуларын айтып кеткен. Сондай-ақ ахлақты ең әдемі түрде жасап үлгі ретінде

қалдырады. Оның мұншалықты қасиетпен әдепке ие болуының басты себебі, Аллаһтың тәрбиесінде болуы. Пайғамбарымыз «Мені Раббым тәрбиелейді әрі қандай әдемі тәрбиелейді»- дейді.

Лекция 11. Тақырыбы: Ислам ахлағы

Ислам діні әкелген әдеп түсінігі

Ислам дінінің сенімі құлшылықпен байланысты әмірлері мен тыйымдары Құранға сүйенеді. Өйткені Құранда жақсы-жаман іс-әрекеттер баяндалады.

Құранның адамзатқа беретін әдеп негіздерінің түбінде таухид сенімі бар.

Құранның (Ниса, 36; Исра, 22-27; Хужурат 13; Нұр 27) көптеген аяттарда әкешеге, жақындарға, туыстарға, міскін-жетімдерге жәрдем беру керек екендігін айтқан. Бұл аяттар адамзатқа жақсы мен жаманның арасын көрсетіп беру арқылы мұсылмандарға әдептілік қағидаларын егжей-тегжейіне дейін түсіндіруде. Адамзат жақсы-жаман мінез құлықтарға ие.

Жақсы мінез құлықтар:

- Әділетті болу
- Кешірімді болу
- Жомарт болу
- Еңбекқор болу
- Кең пейілді болу
- Арлы намысты болу
- Мейірімді болу т.б.

Жаман мінез құлық:

- Сараң
- Бүлік
- Тәкаппар
- Өсек
- Ұрлық
- Өтірік
- Ғайбат т.б

Пайғамбардың үлгі тұтар әдебі

Мухаммед Пайғамбар (с.а.у.) пайғамбар болмастан алдын Меккелік тұрғындар арасында өте жоғары әдептілігімен танылатын. Оның өтірік айтпайтын, шыншыл мінезі үшін Меккеліктер «әл-Әмин» (сенімді адам) деп атайтын.

Пайғамбардың ахлағы Құран болғандықтан Аллаһ бұл жайында біздерге тағы жол көретіп былай дейді: «Әй мүминдер! Аллаға, әрі елшісіне бой ұсыңдар. Құранды ести тұра Пайғамбардан бет бұрмандар.» (Әнфал-20)

Яғни бір мұсылман қалайша иман мен ғибадат мәселесінде Пайғамбардың әмірлерін орындап, ның жолымен жүрсе әдеп мәелесінде де оны үлгі тұтуы керек.

Мұхаммед Құран әдебін жақсы біліп оны орындаған кісі болғаны үшін мұсылмандарда оның жолымен жүруді басты міндет деп білуі тиіс. Бірақ бұл міндетті орындамас бұрын Пайғамбарымыздың үлгі тұтарлық әдебін жақсы білуі қажет.

Мұхаммед пайғамбар ұрсу, салғыласу, артық сөйлеу, өзіне тиісті болмаған іске араласудан алыс тұратын. Ешкімді сынамай, өзгелердің сырын білуді құмар тұтпайтын. Мақтануды ұнатпайтын. Сөйлеп жатқан адамның әңгімесін бөлмей сөзді соңына дейін тындайтын. Пайғамбар өте қарапайым болып өмірін де қарапайым түрде өткерген. өз тірлігін өзі істеуді ұнататын. Ішіп жегенде астың таза және халал болуын қалайды. өтірік іш бауырға кіруді жек көретін. Ешқашан өзін жоғры санамайтын.

Екі дүниенің гүлі атанған Мұхаммед өте жомарт еді. Бір нәрсе сұрап келген кісінің қолын қайтармайтын. Ешқашан әділетсіздік етпейтін.

Қорыта айтқанда Мұхаммед барлық жағынан мұсылмандарды ең жоғарғы дәрежелі ахлақта болуларын айтып кеткен. Сондай-ақ ахлақты ең әдемі түрде жасап, үлгі ретінде қалдырды.

Лекция 12. Тақырыбы: Қазақ халқының әдептілік көзі

Әр халықтың әдептілік қағидалары әр түрлі. Сол сияқты қазақ халқының да өзіндік әдептілік ұсыныстары бар. Дегенмен адам табиғаты ортақ болғаннан соң араларында көптеген ұқсастықтар да кездесіп жатады. Бұл да адам тағдырының ортақ екендігін көрсетеді. Қазақ халқы бұрынырақты табиғаттағы барлық заттардың тылсымды күштерге ие екеніне сеніп келеді. Қазақ халқы үшін көк аспаннан құрметті басқа еш нәрсе жоқ еді.

Шегі жоқ көк аспан руханияттың азығы болды. Аспан көк түсті болғандықтан қазақтар тәңіріні «Көк тәңірі» деп атады. Көк тәңірілік сенім қазақ халқының біртұтас болуын, жан-жаққа ыдырамауын орнықтырады.

Бұл сенімнің негізінде адамгершілік жатыр. Қазақ халқының әдептілік көзінің бірі-ислам діні. Қазақ халқы ислам дініне өз еріктерімен кірді. Өйткені исламдық көзқарас пен қазақы тіршілік бір-біріне өте сай келеді. Осылайша қазақтық өмір-салт ислам арқылы өз мәдениетін өркендете түсті. Ислам дінін әдептілігіміздің басты қайнары деуімізге бірден-бір себеп-бұл діннің адамзатты түрге, тілге және нәсілге бөлмеуінде.

Алланың бір екендігін, пайғамбардың Алла елшісі екенін мойындаған әрбір адам баласы Ислам діні бойынша бір-біріне бауыр.

Жаратқанның бар екендігін жан-жүрегімен сезініп оның көрсеткен жолымен жүруді өздеріне міндет санаған, осылайша адамгершіліктің ақ жолынан айнымаған көреген халқымыз тұрмыс тіршілігінде Ислам дінімен біте қайнасты.

-Қазақ халқының қоғамдық өмірі

Қоғамдық тұрмыста адамдар арасындағы қатынастар ғасырлар бойы қалыптасқан әдептілік нормалары арқылы реттеліп келеді. Әдептілік нормаларын қоғамнан бөліп алып басқа бір «идеялар дүниесінен» іздеуге болмайды. Оны адамдардың өзі жасайды. Біреулердің мақұлдар екіншілерін теріске шығарады.

Қазақ тәңірлік түсінік пен мұсылмандық қағиданы қатар дамытқан. Қазақ ауылы көшуге де соғысуға да қонақ қабылдауға да ыңғайлы. Қазақ халқының мінезі тек домалақ емес дәстүрден де алады. Дәстүр қандай болса өздері сондай мінезбен шығады.

Қазақ халқы әлеуметтік әділдікті хош көреді. Қазақтың әлеуметтік мәселелерінің барлығы да «қара қазан, сары баланың қанында». Қара қазанның табанынан от, табағынан ет кетпесе, сары баланың тамағы тоқ, көйлегі көк жүрсе-қазақ үшін нағыз әлеуметтік әділет сол.

Сонымен қоса қазақ халқы жерге де көп көңіл бөлген. Жерді қасиет тұтқан. Қауіпті сапарға аттанарда туған жердің бір уыс топырағын ала кету қазақ рәсімінде әлі бар.

Қазақ халқының мінезі дала мінез. Кейде бұлыт сияқты тұнжырап қалады кейде марқарайып таудай биіктейді.

-Әдептілік тағлымы

I-Әдептілік мектебі:

1-Жанұя мектебі. Жанұя адам баласының алтын діндегі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын ешкім, ешнәрсе толтыра алмайды. Отбасы адамға мейірімділікті, имандылықты үйретеді. 2-Еңбек мектебі. Адамды тәрбие ететін мектептің бірі еңбек. Еңбексіз адамның бұл өмірде өмір сүре алмайтыны белгілі. Адам қоғамдағы орнын еңбеге ету арқылы ғана таба алады. Еңбек өмірді, қоғамды ұстап тұрған негізгі тұтқа. 3-Имандылық мектебі. Имандылықтың бастауы сенім. Құдайға сенген адам жаман қылықтардан аулақ болады.

Лекция 13. Тақырыбы: Орта Азия мұсылман ойшылдарының діни-этикалық ілімдері

аль-Фарабидің этикалық көзқарастары

872-950 жылдар аралығында өмір сүрген аль-Фарабидің этикалық көзқарастарына үнілсек оның Орта Азия мен Таяу шығысқа рухани мәдениетіне үлесі мол болды. Фарабидің өзінен тек қана Орта Азия ғана емес Батыс елдері де әсер алған. Еңбектері шет тілдерінде жариялаған. Фараби қоғамтануды, жаратылыстануды яғни математика, философия, медицина, ән, саясат, филология және этика ілімдерін кеңінен меңгерген. Шығыста муаллим сани деген атаққа ие болған. Фарабидің көзқарасы бойынша адамдар үнемі қарым-қатынаста болу керек. Сонда ғана қоғамда бірлік, тірлік болатындығын айтқан. Адамдардың ынталылығын, құштарлығын тек қоғам ғана шеше алады. Адам қоғамнан керектігін алады. Сол үшін адамдар бір жерге шоғырланған. Жақсы мінез-құлық

пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде бұлар адами қасиеттер болып табылады. Қасиеттер деген кезімізде біз әрбір нәрсенің игілікті жағын және оның әрекеттерінің абзалдығына, жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі бірдей болып келсе біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз жән осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады.

Мінез-құлық жүре-бара пайда болады. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, онда ол жақсы немесе жаман мінез-құлыққа тап болғанда, қарама-қарсы мінез-құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін.

Адам білуіне тиісті барлық нәрсені жақсы ақыл-парасат арқылы таниды. Ақыл-парасаттың екі түрі болады: біріншіге тән қасиет тек білу ғана, бірақ әрекет бұған тән емес. Мысалы: біз дүние жаратқан деп, Аллаһ тағала біреу деп білеміз немесе сезім арқылы қабылданатын көп нәрселердің себептері туралы білеміз. Екіншісінің қасиеті білу және әрекет ету болып табылады. Мысалы: ата-ананың сүйіспеншілігі жақсы қасиет, сатқындық-жаман қасиет, әділеттік-жақсы қасиет. Білім мен әрекет тән болған

аль-Берунидің этикалық көзқарастары

Атақты ғылым тарихшысы Сартон XI ғ. бірінші жартысын Беруни дәуірі деп атайды. Беруни бойынша дүниені Құдай жаратқан. Берунидің этикаға арнайы жазған еңбектерінің бар-жоқтығы белгісіз. Алайда басқа еңбектеріне қарасақ Беруни ахлақ/мораль мәселесін өте жақсы білгендігін байқаймыз.

Ол өз еңбектерінде ізгілік пен зұлымдық, ар-намыс, бақыт, достық деген ұғымдарға қатты мән берген.

Берунидің көзқарасы бойынша басқа жәндіктерге қарағанда адамға ең маңызды жауапкершілік берілген, яғни адам-ең ұлы болмыс. өйткені адамға ақыл берілген. Сондықтан Беруни бойынша ол өте тәрбиелі, білімді болу керек. Яғни оның ішкі дүниесі өз міндетіне сай болу керек.

Адамның қылықтарының негізін Беруни адамның өзінде іздеген. Беруни былай деген: «Адам бір-біріне қарамақарсы болған бөлшектерден тұратын денеге сай. Сондықтан әр адамның өз мінезі бар.» Беруни бойынша барлық адам бір-біріне ұқсайды, және де әр қайсысы өзгеше. Адам ішкі дүниесі қоғамда қалыптасады.

Беруни бойынша Аллаһ тарапынан берілген ақыл адамдарды қоғамда тұруды үйретсе де адамды толық қанағаттанырмайды. Ол үшін көп еңбектену керек. Тек ақыл мен еңбек адамның өмірін жақсы қыла алады. Адамның міндеті-еңбек ету, және осы еңбек арқылы адам өз мақсатына жете алады.

Өз еңбектерінде Беруни өтірік, екіжүзділік, мақтаншақтық, көкіректік т.б. деген сияқты жаман қасиеттер туралы да айтады. Бұл өмірде адам өз нәпсісін тия білу керек. Адам өмірінде ең бастысы – ақыл мен әділдік. Әдемі адам деген сырқы және ішкі дүниесі әдемі, әрі бір болған адам.

Беруни этикасының ең басты нүктесі-еш қарсылық күтпей адамдарға қызмет ету.

Абу Али ибн Синаның этикалық көзқарастары

Орта ғасырлық философ Ибн Сина 980-1037 жылдар аралығында өмір сүрген. Батыс еліне танымал болған Ибн Синаны батыс елі Авиценна -дейді. Бұхарада және Иранда өмір сүрген. Тиімді ойлауды және жаратылыстану ғылымдары мен математика ілімін насихаттауды жүйелеуде көп іс жасады. Ол өзінің философиялық ілімінде Аристотельдің материялистік және идеялистік бағытын ұстанды. Аристотельдің логикасын, физикасын және метафизикасын жетілдірді. «Емдеу», «Медицина каноны» деген еңбектері бар. Ибн Синаның көзқарасы бойынша әлемді құдай жаратты бірақ осы дүние оның қалауы бойынша емес қажеттілік үшін жаратылған –дейді. Материя барлық заттардың негізі болып саналады да мәңгі жасайды. Материя себеп салдардың бірлестігі. Ибн Синаның осыған ұқсас пікіріне қарап оны біз материялист деп айта алмаймыз. Ибн Синаның көптеген еңбектері күнімізге дейін сақталмаған. Мысалыға Махаббат турал трактаттары, Рух туралы, Құстар туралы және этика туралы т.б. еңбектері ғана жеткен.

Адам өзін бақытты еткісі келсе өз қылықтарын түзету керек. Этика адамның өзіне немесе басқаларға ұстанған қарым-қатынасы. Ибн Синаның этикасы саясат және жалпы философиямен байланысты. Өйткені бұларды түсінбеген этиканы да түсінбейді-дейді.

Ибн Синаның ұстанымы материалистік сияқты көрінгенімен этика тақырыбында дінге негізделген.

Лекция 14. Тақырыбы: Суфизмнің рухани құндылықтары

Суфизмнің рухани құндылықтары

Суфизм идеялық-діни ағым ретінде сөздерінің жағдайларына көңілі толмайтын, өздерінің осыниеттерін дін арқылы білдіретін қала кедейлері мен халифаттар қалалық орташа ауқатты тұрғындарының пікірлерін білдірді.

Сопылық авторлардың еңбектерінде тек діни-этикалық мәселелер ғана емес сонымен бірге космологиялық, тіпті әлеуметтік тұжырымдар да талданды. X ғасырда суфизмге эллинистік философиялық идеялар да ене бастады. Суфизм идеялары ашариттік теолог Әбу-Хамиди әл-Газалидің (1059-1111) доктринасы негізінде дамыды. Өйткені ол суниттердің дәстүрлі мистицизмін сопылардың сезімімен құдайшылдар мен философтардың жаңашыл әдісімен дамытуға талаптанды.

Сопылық діни-философиялық әдебиеттерімен қатар мұсылман мистиктердің идеясын астарлап насихаттайтын сопылық поэзия да дамыды. Мысалы Алла өте жақсы көруші деп аталып, осы арқылы оны сүйуге тағы сол сияқтыға шақырды.

Кейінгі кезеңдегі суфизмде енжар және пантеистік суфизмнің екі бағыты да қатар дамытылды. Оның ірі өкілі Испания мұсылмандарынан шыққан мистик-пантеист Мухи ад-Дин ибн әл-Араби (1165-1240) болды. Ибн әл-Арабидің еңбектерінде жалғыз жаратушының вахдат әл-вужуд көзқарасы дамытылып, жаратушының тыныс-тіршілігі өз пенделерімен бірге қарастырылды.

Жалпы айтқанда сопы дегеніміз-физиологиялық әрі психологиялық бақылау процестері-аз ұйқы, аз ас ішу, ораза тұту сияқты тәндік жаттығулар, белгілі бір уақыт адамның және бүкіл сезім мүшелерінің сыртқы әлеммен байланысын үзу, ішкі әлемін арттыру арқылы бүкіл ойлау қабілетін бақылауға алып, ынтасын тек «Тәңірдің үйі көңілге» аударып одан басқа барлық әлемнен өзін абстрактілеу процесс нәтижесінде дам құмарлық атаулардан қол үзіп, құдайлық ақиқаттарды тікелей қабылдауға дайын айна халіне келеді.

Абай творчествосындағы рухани құндылықтар мәселесі

Абай- өзі жасаған әлеуметтік ортаны, оны құрайтын жеке адамдарды тәрбиелеу, түзеу арқылы өзгертуге ұмтылған ағартушы-демократ. Осы себепті өз шығармаларында көп сөз болатын түбірлі, желілі негізі бар «толық адам» яғни ахлақи мінездерді өзіне сіңірген адам жайлы өте күрделі тамыры ғасырлар қайнауында жатқан гуманистік танымға мейілінше мол түрде көңіл бөлген.

Абайдағы толық адам жайлы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен басталып, ақынның осы өлеңдегі «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылатыны бар.

Адамзат қоғамы тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан ең басты мәселелерінің бірі-жеке адамның ақыл, мінез жағынан пісіп жетіліп, яғни толық адам болуы жайлы ойлар пікір күресін тудырып келуде. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе- адам болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттары неден тұрмақ дегенде әр заман ойшылдары ұғым-нанымы, заман талабы тұрғысынан жауап беріп келді. Бұл іспеттес тарихи сұрау Абай өмір сүрген XIX ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында ұлы ойшыл алдына да қойылды. Абай өзінің гуманистік танымы тұрғысынан осы қоғамдағы өмір сүруші жастардың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөле бастады. Абай өзінің гуманистік танымының шыңы болған үш сүйю (имани гүл) жайлы мораль философиясында ұстанатын өзекті ойын «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» берілген

тезистік ойлары арқылы тарататынын көреміз. Ойшыл ақын «Түзетпек едім заманды» деп өз арманы тұрғысынан жас ұрпақты жаңа буын, жаңа дәуір заман талабы деңгейінде тәрбиелеуді мақсат тұтып, күрес жүргізді. Осы жолда Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жстың бойында адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерін егу, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар да береді. Сол себепті бұл өлеңді М. Әуезов «Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі»- еді деп жай айтпаған. Мұндағы Абайдың басты ойы- «Адам болам десеңіз» деген тезисінде жатыр. Абайдың адам болу жайлы ойларының желісі өлеңдерінде айтылғанымен, оның негізгі өзекті желілері қарасөздерінде толығырақ таратылған. «Адам болу, адамшылық, адамшылықтың кәмәлат шаппағы, толық инсаният» т.б. терең мәні бар этикалық терминдік сөздер мен күрделі ұғымдардың бәрі де шығар көзі, түп төркіні жағынан камили инсани жайлы пікірлер жатқанын көреміз.

Абай баладағы адам болу талабы неден басталады деген сұраққа : «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады»- деп жауап беретіні бар.

Абай шығармаларын сырттай таныған адам толық адам болу жайлы ой желістерінде кездесетін «пенделіктің кәмәлаттығы, кәмәлат ғазамат, толық инсаният, толық адам, жарым адам» жайлы ойлар төркінін, ол ұғымдар табиғатын жете түсіне бермейді. Тіпті Абай сүйенген әдебиеттер төркінінен хабары аз кісі осы аталған күрделі ұғымдарға үрке қарауы да қиын емес.

Абай иманды адамшылық өлшемі ретінде қабылдайды. Абайдың түсінуінше білуге құмарлықты шектеу, талаптанба, өз әрекетіңе салғырт қарау-имансыздық.

Абай өз халқының бойындағы оң қасиеттерімен қатар оғаш қылықтарды, теріс мінездерді қатты сынға алған. Оның бәрімізге жастайымыздан белгілі:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ...

өлең жолдары арқылы қазақ бойындағы тұрмысын тоқ санап, жайбарақаттыққа салынған надандық кейпі іш аштындай тұралықпен берілген.

Лекция 15. Тақырыбы: XIX-XX ғғ. діни-этикалық ілімдер: В.Соловьев; Н.Бердяев; П.Флоренский этикасы:

В.Соловьев – орыс философы және діни қайраткері. Соловьевтің көзқарасына христиан әдебиеті, сондай-ақ буддизмнің, неоплатонизмнің және басқа діни-философиялық жүйелердің идеялары елеулі ықпал етті. Соловьев ілімінің өзегі баршаның біртұтастығы идеясы болып табылады. Ол абсолюттік, құдіреттілік аясы ретінде, ал нақты дүние осы идеяның дербестелуі және жүзеге асуы ретінде қаралады.

Шартсыз «біртұтастық» ақиқаттың, жақсылық пен сулулықтың мінсіз жетілген синтезі ретінде, Соловьевтің пікірінше мистикалық, рационалдық және эмпирикалық білімнің жиынтығы болып табылатын «тұтас» біліммен ғана ұғынылады.

Қоғамда «біртұтастық» идеясы өзін адамдардың құдай адам одағы адамзаттың көкейтесті мақсатын айқындайтын жер бетінде әлеуметтік немесе барлық ұлттарды біріктіретін және қайшылықтарды шешетін «құдай патшалығын» орнатуды көздейтін ғаламдық шіркеу ретінде танытады.

Соловьев этиканы тағы да дінге негіздейді: егер өзінің ерік-жігерін «абсолютті жақсылық» жасауға, яғни құдайға еркін бағындыратын болса және құдай-адам патшалығын орнатуға ұмтылса, ол-ізгі адам. Соловьев «таза өнерге» қарсы шықса да (ол сулулыққа абсолюттің сезімдік көрінісі деп қарады және өнерге негізінен діни-тәрбиелік мән берді) оның поэзиясы мен эстетикасы орыс символизмнің идеялық көздерінің біріне айналды.

Соловьевтің теориясы XX ғасырдың басындағы орыстың діни-идеалистік философиясын қалыптасыруға зор ықпал етті.

Н.Бердяев этикасы:

Н.Бердяев-орыс философы. Н.Бердяев адамдарды тапқа бөліп шатастырған марксизм жеке адамның белсенділігі мен бостандығы туралы көкейтесті мәселелерді шешуге қабілетсіз деп тұжырымдады. Бердяев субъектінің «өмір сүруін» ақиқат деп жариялады. Оның түпсіз тұнғыыққа бойлайтын шығармашылықтың негізі- «абсолютті бостандық», бұл шығармашылық негізгі мазмұны- құдай-адамзат диалектикасы-құдайдың тууы адамға, адамның тууы Құдайға байланысты-дейтін мистерия. Құдай –адамзат шығармашылығының жүзеге асырылуын Н.Бердяев «жаңа ортағасырлық» дейтінге, «төртінші өлшемнің», о дүниесіне көшіреді, жер бетіндегішығармашылықты үмітсіз далбасалық деп жариялады. Н.Бердяевтің көзқарасы оның «Теңсіздік философиясы» деген ең басты еңбегінде ерекше айқын көрінді, мұнда элеуметтік теңсіздік- «игілік, ізгілік, шындық» деп, ал соғыс-адамзаттың шығармашылық қозғалысының негізі деп жарияланды.

П. Флоренский этикасы:

П. Флоренский-орыстың діни ойшылы, ғалымы. Флоренскийдің көзқарастары діни сенім мен ғылыми ақиқаттарды түйістіре зерттеу әрекетінің мүмкін еместігін көрсетеді. Ол мәдениетті діннен шығарып, ғылым мен философия мүмдіктері арқылы православиялық қағиалар жүйесін сақтауға тырысты. Қазіргі православия діндарлары діннің бүгінгі қажеттеріне Флоренскийдің мұраларын пайдалануға әрекет жасауда.

Ф. Достоевский этикасы:

Ф.Достоевский-орыстың реалист жазушысы және ойшылы. Оның шығармаларында жеке адамның рухани-парасаттық ізденістеріне байланысты (өмірдің мәні, бостандық, жауапкершілік, борыш, ақыл мен мораль т.б.) проблематика басым орын алған. Адамды өз еркі өз басындағы, істеген ісіне өзі жауапты жеке адам деп түсінген. Достоевский тіршілікте кездесетін жағдайлардң бәрінде де жоғарғы және қатаң этикалық принципке «адамдар арасында адам болу және адм күйінде қалу, қандай қолайсыздық болмасын қайғырмау және бас имеу» принципіне сүйенуді талап етті. Ол адамды барлық жағдайларға тәуелді, үнемі өз жүрегінің әміріменжүретін тірі жан дейтін ағартушылық көзқарасты теке шығарды. Достоевскийдің пікірі бойынша жеке адам бостандығы оның барлық болмысына байланысты тек ізгіліктің ғана бастауы емес, ол зұлымдылықтың да, «адамның жасырын астарының» қайнар көзі. Шексіз бостандық қалыптасқан қатынастарға қарсы дара бастың бүлігіне, адамдар арасына жік салуға, жеке адамның моральдық күйреуіне, тіпті өліміне дейін алып келеді. Достоевский бойынша үйлесімді жән кемелденген адам парасаттық дағдарыстан босанып және Иса Пайғамбармен, құдаймен бірігу идеясын, құдай-адамзаттық идеяды өз еркімен қабылдайтын көнгіштік пен қайғы-қасірет тарту арқылы өтеді.